

Интернетсіз бір күнім

Интернет желісін пайдаланбайтын, қолына смартфон ұстамайтын адам жоқ десем артық айтқаным емес. Себебі қазіргі заман жахандану дәуірі. Ия, жасырмаймын мен де кейде интернет желісінде отыратын кездерім болады. Дегенмен бұл интернеттің еліміздің жас ұрпағын улап жатқанын айтып кетпеске болмайды. Ең алдымен смартфонды көп қолдану біздің жастарымыздың, мектеп оқушыларының көздерінің нашар көруіне, жүйке жүйесінің бұзылуына, ұмытшақтыққа алып келеді. Мен үйде интернетті өзіме керек мәлімет іздеген уақытта пайдаланамын. Оның өзінде шамалы уақытқа ғана. Ал бос уақытымда қазақша күрес үйірмесін қатысамын. Ағаммен бірге әкемізге көмектесеміз. Қарындасымды далаға шығарып серуендейміз. Мен өзімнің қатарластарма ұялы телефонға көп уақыт жұмсамай, отбасымызға ата-анамызға, бауырларымызға көңіл бөлейік дегім келеді. Шынайы бақыт телефонда, интернетте емес екенін естен шығармайық!

Ондасын Бауыржан 5 ә сынып оқушысы